

**6D110100 – Медицина мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
ғылыми дәрежесін ізденуге ұсынылған
Абдушукурова Гулзада Зафарқызының
диссертациялық жұмысының
АННОТАЦИЯСЫ**

**«Заманауи халықаралық клиникалық ұсыныс көзқарастары бойынша
астма менеджментінің клиника-эпидемиологиялық ерешеліктері»**

Зерттеу тақырыбының өзектілігі:

Бронх демікпесі адамзат денсаулығына қатер тұғызушы аурулар арасында сирек байқалатын түрден клиникалық тұрғыда ең көп таралған ауыруға бет алды, сонымен қатар балаларда ересектер арасында бірдей кездесіп, едәуір әлеуметтік мәселеге айналды. Парадокстық ақиқат, медициналық статистика мәліметіне сүйенсек: дүние жүзіндегі ең төменгі деңгейдегі астма аурушандық көрсеткіші, ең жоғарғы деңгейдегі уақытша жарамсыздықпен мүгедектік, ауруханаға жатқызу және өлім көрсеткішімен қатар жүреді (GINA, Global Burden Report 2014, Нурпеисов Т.Т.2015). Бұл ақиқат себептері науқастың дұрыс емес іс-қимылы, аурудың ағымын бақылауға алмаған дер кезінде диагностикалық және терапиялық жәрдем алмаған болып табылады. Қазақстан Республикасында (ҚР) заманауи денсаулық сақтау саласындағы жүргізілген бірнеше зерттеулер болғанменде, бұл салада әлдеде бронх демікпесі тиімді клиникалық менеджменті туралы жүйеленген ақпараттың жетімсіздігі байқауға болады. Сонымен, астма ауруларының өмір сапасыны көтеру бағытында және ем-шара процессінің оптимизациялау нәтижесінде бұл мәселе өзектілігін зерттеу қажет.

Зерттеу мақсаты:

Оңтүстік Қазақстан обласының үлгісінде заманауи халықаралық клиникалық ұсыныстардың (ЗХКҰ) көзқарастары бойынша астма менеджментінің ұсынылған алгоритмін өндеу және тәжірибеге еңгізу.

Зерттеу міндеттері:

1. ҚР және ОҚО-дағы 2008-2012 жылдар көлемінде демікпе аурулардың эпидемиологиялық сипатын зерттеу.
2. ҚР-да Оңтүстік Қазақстан (ОҚ) мысалында тәжірибелік медицинада ЗХКҰ - ды қолдана отырып бронх демікпе менеджментінде клиничко-эпидемиологиялық ерекшелігін сараптау.
3. Астманың диагностика және клиникалық менеджментіндегі спирографиямен пикфлоуметрияның клиничко-диагностикалық құндылығын анықтау.
4. ЗХКҰ - ның адаптация негізінде астма менеджментінің алгоритмін жасау және оның клиничкалық тиімділігін бағалау.

Зерттеу нысанасы:

1. сатыда – ҚР және ОҚ-да барлық бронх демікпесіне шалдыққан науқастарды зерттеу барысында дескриптивты ретроспективты зерттеу жүргізілді. 2. сатысында– дескриптивты көлденен ретро- және проспективты когорталық зерттеу жүргізіліп, зерттеу барысында 594 науқас бақыланып, аналитикалық,эпидемиологиялық, клиникалық, аспаптық және статистикалық тәсілдер қолданды. 3. сатыда - рандомизирленген клиникалық соңынан бақылауға алынған зерттеу өткізілді. Бұл сатыда астманың диагностикалық және клиникалық менеджментіндегі спирография мен пикфлоуметрияның диагностикалық құндылығын анықтау мақсатында зерттеудің базасынан 495 науқас алынды. 4. саты - рандомизирленген бақылауды клиникалық сынамамен ұсынылып, зерттеу жүргізу барысына бақылаудан тыс ағымдағы(немесе жартылай бақылаудағы),орта ауырлы астмаға шалдыққанкездейсоқ таңдалған 80 сырқатқа кешенді аналитикалық, эпидемиологиялық, клиникалық, аспапты және статистикалық тәсілдер қолданды.

Ғылыми жаңалық:

1.ҚР және ОҚО-дағы 2008-2012 жылдар көлемінде демікпенің эпидемиялық даму тенденциясы жан-жақты көрінісі ұсынылды.

2.Алғашқы рет және ОҚО-да бронх демікпесі менеджментінің клиника – эпидемиологиялық ерекшеліктерін ЗХКҰ-ынқолданып ғылыми зерттеу жүргізілді. Демікпемен ауыратын науқастардың клинико-эпидемиологиялық профилін түбтеу сипаттамасы берілді.

3. Бронх демікпесі менеджментіндегі, бақылауға алынған контингентке байланысты денгейін сараптауда, спирографиямен пикфлоуметрияның салыстырмалы түрде сезімталдығын, специфика және клиникадағы қолдануға лайық сипаттамалары алғаш рет жүргізілді.

4.ЗХКҰ - ын адаптациялау негізінде бронх демікпесі менеджментінің алгоритімі рандомизирленген клиникалық зерттеу нәтижесінде алғаш рет өңделіп, еңгізіліп, бағаланды.

Қорғауға шығарылатын диссертациялық зерттеудің негізгі ережелері:

1.ҚР - да жасалған демікпе эпидемиологиясының 2008-2011 ж.ж көрінісін талдауда нәтижесінде жалпы аурушандықтың көрсеткіші өсуде ал ауруханалық аурушандықтың көрсеткіші тұрақтылығы, демікпеге шалдыққан науқастарға көмек көрсету бірінші жәнеде екінші/үшінші сатыда өзара бұзылысыны білдіреді .

2. ЗХКҰ -тар көзқарасы бойыншаҚР ОҚ үлгісінде астма клинико-эпидемиологиялық менеджменті зерттеу барысында заманауи диагностикалық тәсілдерін қолдану жеткіліксіздігін көрсетеді.

3.ҚР астманың диагностикалық және клиникалық менеджментінде спирографиямен пикфлоуметрия тәсілдердің диагностикалық құндылығын салыстырмалы анализ жасау барысында: пикфлоуметрия тәсілін клиникалық тұрғыда спирографияның орнына қолдануға болатынын дәлелдеді.

4.ЗХКҰ - ры негізінде адаптация тұрғысында астма менеджментінің ұсынылған алгоритімі медициналық көмек көрсету барлық деңгейлерінде көмек көрсету негізінде тиімді науқасқа болады.

Жүргізілген зерттеудің теориялық және тәжірибелік құндылығы:

Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Кардиология және ішкі аурулар ғылыми зерттеу институты» РМҚК-да №О.0610-2012-2014 ж.ж.ғылыми техникалық бағдарламасы барысында жасалған зерттеу. Нәтижесінде жасалған жұмыстар:

1. Үш әдістемелік нұсқау жасалды: «Дневник самоконтроля больного с астмой», «Бронхиальная астма у взрослых», «Самоконтроль астмы». 2. Екі клиникалық протокол - «Бронхиальная астма у взрослых», «Аллергический ринит». 3. Бір клиникалық нұсқау - «Современные подходы к менеджменту основных терапевтических заболеваний в условиях сельского здравоохранения» жарық көрді. 4. Барлық ұсыныстар денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығында, республикалық деңгейде енгізілді. 5. Астма менеджментінің алгоритмінде, GINA стратегиясы қағидаларына сәйкес ем –профилактикалық ұйымдардың минималды тізіміне қосымша пикфлоуметрмен қамтамасыз етубекітіліп, зерттеу нәтижелері апробация негізінде қолданып емханалық мекемелерде енгізілді.

Басылымдар:

Зерттеу тақырыбы бойынша 16 ғылыми жұмыс, оның ішінде Қазақстан Республикасының ғылым және білім саласындағы бақылау комитеті ұсынымына сай 3 журнал, 1 мақала SCOPUS мәлімет базасына кіретін журналда, 5 тезис конференция материалдарымен жиынтығында (European respiratory Journal .IF 7,6-1 тезис, Allergy Journal, IF6,0-2 тезис, Clinical and Translational Allergy Journal, IF3,4-2 тезис), республикалық конференциялардағы 2 тезис, республикалық конференциялардағы 2 мақала, Халықаралық конгресте 3 постерлық баяндама.

Қолдану аймағы:

аллергология, иммунология, пульмонология, терапия, жалпы дәрігерлік тәжірибе.